

## "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы", "Қазақстан Республикасындағы банктар және банк қызметі туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің Заң күші бар Жарлықтарына өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Президентінің 1996 жылғы 27 қантардағы N 2830 Заң күші бар жарлығы

"Қазақстан Республикасының Президенті мен жергілікті әкімдерге уақытша қосымша өкілеттік беру туралы" 1993 жылғы 10 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңының Z933600\_ 1-бабына сәйкес және екінші деңгейдегі банктар қызметін реттеу жөніндегі Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қадағалау функцияларын күшейту мақсатында қаулы етемін:

I. "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы" 1995 жылғы 30 наурыздағы Қазақстан Республикасы Президентінің N 2155 Z952155\_ Заң күші бар Жарлығына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., N 3-4, 23-құжат) мынадай өзгертулер мен толықтырулар енгізілсін:

1. 11-баптың 1, 2, 3 бөліктері мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Ұлттық Банкінің қаржылық жыл ішіндегі пайдасы іс жүзінде алынған кірістері мен осы қаржылық жылға қатысты, үмітсіз және күмәнды қарыздарды есептен шыгару мен активтер амортизациясын, соның ішінде айналысқа шығарылған банкноттар мен тиындарды қоса алғанда, шығыстары арасындағы айырма ретінде анықталады.

Қазақстан Ұлттық Банкінің пайдасы жарғылық және резервтік қорлары, сондай-ақ Қазақстан Ұлттық Банкі Басқармасының ұсынуымен Қазақстан Республикасының Президенті белгілеген өндірістік-әлеуметтік даму қорын абсолюттік сомада қалыптастыруға жұмсалады.

Нақты алынған пайданың қалған бөлігі келесі қаржы жылында республикалық бюджетке аударылады. Нақты алынған пайда Қазақстан Ұлттық Банкінің осы Жарлықта көзделген қорларын қалыптастыруға жетімсіз болған жағдайда, пайда болған айырмашылық келесі қаржы жылындағы республикалық бюджет қаржысы есебінен өтеледі".

2. 12-баптың үшінші бөлігі алынып тасталсын.

3. 13-бап мынадай мазмұндағы төртінші бөлікпен толықтырылсын:

"Қазақстан Ұлттық Банкінің Төрағасы Қазақстан Ұлттық Банкінің қызметі үшін жауапты".

4. 15-бап мынадай мазмұндағы үшінші бөлікпен толықтырылсын:

"Қазақстан Ұлттық Банкі Басқармасының мүшелері егер өздері оның қабылдануы үшін дауыс бермесе, бірақ шешімнің қабылдануымен өзінің келіспейтіндігі туралы дереу мәлімдеген болса, Басқарма қабылдаған шешімдер үшін жауап береді".

5. 20-баптың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Ұлттық Банкінің облыстық аумақтық басқармалары өз қызметін Қазақстан Ұлттық Банкі белгілеген өкілеттік шегінде жүзеге асырады".

6. 35-бап мынадай мазмұндағы З бөлікпен толықтырылсын:

"Қазақстан Ұлттық Банкі ең жоғары сатыдағы кредитор ретінде екінші дәрежедегі банктерге Қазақстан Ұлттық Банкінің басқармасы белгілеген тәртіп пен мерзімге ұлттық және шетелдік валютада, қамтамасыз етілген, сондай-ақ қамтамасыз етілмеген кредит беруге хақылы".

7. 52-баптың 2 абзацы:

"осы Жарлықта көзделген жағдайларды қоспағанда" сөздерімен толықтырылсын.

8. 54-бапта:

1) соңғы абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"берілген кредиттерді ұзарту немесе мерзімі өткен вексельдерді жаңартуға рұқсат беру";

2) мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген жағдайлардан ерекшелік тек қана Қазақстан Ұлттық Банкі Басқармасының арнайы шешімі бойынша жасалуы мүмкін".

II. "Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 31 тамыздағы N 2444 Z952444\_ Зан күші бар Жарлығына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., N 15-16, 106-құжат) мынадай өзгертулер мен толықтырулар енгізілсін:

1. 17-бапта:

1) 3-тармақ "дауыс беру құқығымен" сөзінен кейін "Ұлттық Банк рұқсат еткен жағдайларды қоспағанда" сөздерімен толықтырылсын;

2) 4-тармақтағы "резидент емес немесе" сөздері алынып тасталсын.

2. 22-баптың 1-тармағының а) тармақшасы "Қазақстан Республикасы" сөзінен кейін "Ұлттық Банк рұқсат еткен жағдайларды қоспағанда" сөздерімен толықтырылсын.

3. 46-бап мынадай мазмұндағы 7-тармақпен толықтырылсын:

"7. Іқпал етудің шектеулі шараларын қолдану тәртібі Ұлттық Банктің нормативтік актілерімен белгіленеді".

4. 47-бап мынадай мазмұндағы 3-тармақпен толықтырылсын:

"3. Атқарып жүрген қызметінен біржолата немесе уақытша шеттету туралы шешімді Ұлттық Банктің Директорлар Кеңесі қабылдайды. Қызметінен біржолата шеттетілген қызметкерлерді босату туралы шешімді оларды тиісті лауазымдарға тағайындаған немесе сайлаған органдар қабылдайды. Қызметкерді қызметінен шеттету туралы шешім қабылданған сәттен бастап оның жұмыстан босатылған күніне дейінгі аралықтағы кезеңге ақы төленбейді".

5. 48-баптың 1-тармағының з) тармақшасы "нормативтік актілер" сөзінен кейін "яки жазбаша үйғарымдарды орындағаны" сөздерімен толықтырылсын.

6. 49-баптың 1-тармағы мынадай мазмұндағы з) тармақшасымен толықтырылсын:

"з) осы Жарлықтың 49-бабының 3-тармағына сәйкес лицензияларды жою".

7. 62-баптың 2-тармағының б) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"б) осы Жарлықтың 48 және 49-баптарында көзделген жағдайларды".

8. 72-баптың 5-тармағы мынадай мазмұндағы сөйлеммен толықтырылсын:

"Кредиторлардың талабын қанағаттандыру кезектілігі Ұлттық Банктің нормативтік құқықтық актілерімен белгіленеді".

III. Осы Жарлық, 1997 жылдың 1 қаңтарынан бастап күшіне енетін I бөлімнің 1 тармағының төртінші абзацын қоспағанда, жарияланғаннан күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының  
Президенті

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК